

Полученные номограммы являются обратимым чертежем, т.е. однозначно определяются координаты (значения компонентов и отклика) любой точки А. Она наглядно показывает закономерности изменения исследуемого свойства нового строительного материала (кирпич, бетон и др.) в




Рисунок 4 - Схема построения кривых ($X_4^1, X_4^2 \dots$)

нентов и отклика) любой точки А. Она наглядно показывает закономерности изменения исследуемого свойства нового строительного материала (кирпич, бетон и др.) в

непрерывном изменении значений компонентов, поэтому может быть использован в науке и на практике.




Рисунок 5 - 6 – параметрическая несоставная номограмма гиперповерхности P_6

Список используемой литературы

1. Выгодский М.Я. Справочник по высшей математике, -М.: Издательство Наука, 1976.
2. Блох Л.С. Практические номограммы. - М.: Высшая школа, 1971.
3. Гончаков Г.И. Строительные материалы. -М.: Издательство Стройиздат, 1986.
4. Круг Г.К. и др. Планирование эксперимента. - М.: Наука, 1977.

Рысқұлова А.Ә., магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

АСТАНА ЭКОЛОГИЯСЫНА ДЕНДРОСАЯБАҚТЫҢ ҮІҚПАЛЫ

Резюме

Автор в статье рассматривает влияние насаждений специального назначения дендросадов города Астаны, определены особенности их появления и развития.

Summary

The author considers the effect of planting special gardens dendro Astana, identified characteristics of their emergence and development.

Дендросаябақ дегеніміз арнағы ағаш өсімдіктері отырғызылған, қала тұрғындарының тынығатын демалыс паркі болып табылады. Жалпы, «ғылыми түрде саябақ ағаштарын төзімді және төзімсіз деп екі топқа бөледі. Құз маусымында жапырығы түсетін ағаштар төзімді, ал, шырша іспетті ағаштар түтінге тез тотығатындықтан төзімсіз саналады» [1]. Жапырақты ағаштар өз кезегінде ауаны мейлінше тазартып тұратындығымен ерекшеленеді. Астананың бас жоспарында қаланы көгалдандыру тұжырымдамасы жеке «эко-орманы», «эко-дөлізі», «эко-кеңістігі» бар «эко-қаланы» құруды ұсынып, айқындал берген. Жасанды шалғындар, сондай-ақ,

жасанды көлдер мен айдындар түрлі ағаштармен айнала қоршалатыны да көрсетілген.

Бұғанде Астана қаласына шаған, қайын, қарақат, алма ағаштары, үйенкі, қарағай, емен, тал ерекше көрік беріп тұр. Атап айтқанда, елордамыздың бақтары мен саябактарында тал, үйенкі, қарағаш және сары ақациялар көптеп кездеседі. Экологтардың мәлімдеуінше, елорданың жасыл «қиімі» қалға тек қана сөн беріп қана қоймай, сонымен қатар, табиги апаттардан да сақтап қалады. Жасыл желектер арнағы жолдармен отырғызылып, қатты желге қарсы қорғаныш қалқан құрып отыр.

Мұндай әдіс арқылы желдің жылдамдығын 50-80 пайызға дейін азайтуға болатыны дәлелденген. Одан өзге, қалың жасыл аймақтар жазғы шаң-тозаң мен қысқы дауылдарды да азайтып, жалпы экологиялық жағдайды реттейді.

Ғылыми деректерге сүйенер болсақ, «жапырақты ағаштар шаң-тозаңың отыз пайызын, ал қылқан жапырақтылар – 42 пайызға дейін ұстап қалуға қабілетті. Ал бір гектар орман 400 келі күкірт қышқыл газын сіңіре алады» [3].

Келешекте Астананың айналасындағы су артериялары мен жасыл белдеуін қамти-тын экологиялық дәлізді құру жоспарланған. Масштабты бағдарламаны жүзеге асыруға Ресей, Израиль, Канада мамандары тар-тылған. Ең басты жасыл жолақ Есіл өзенінің бойымен өтіп, курделі сәулет компози-циясының басты байланыстыруыш нүктесі болып, ішкі белдеуден онымен екі жүйедегі «жасыл дәліздер» келіп байланыспақ.

Мұндай «жанды бағыттар» екі бағытта жүргізілмек, біріншісі-Ақбұлақ пен Сары-бұлақ өзендері арқылы болса, екінші бағыт – Майбалық көлінен сол жағалауға дейін со-зылады. Тағы да бір жасыл жолақты эко-логтар темір жол периметрі арқылы салуды жоспарлауда. Бұл сызба (ось) қаланың тұр-ғын үйлер және өндірістік бөліктегінің ара-сында шекара іспеттес болмақ.

Астананың айналасын жасылдандыру жөніндегі жоба да жүзеге асып жатыр. Қа-зақстанның жас астанасын қоршаған, бір-неше миллиардқа бағаланған жасыл шен-берді мамандар 2015 жылды аяқтайды екен. Орман отырғызу екі кезеңнен тұрады. Сыртқы қатарға жапырақты ағаштар отырғы-зылса, ішкі жағында қылқан жапырақтылар болады. Соңғы сегіз жылдың ішінде Астана айналасында 25 мың гектар орман отырғызылды.

Жалпы 75 мың гектар жерді алатын «Зұбаржат алқаның» жартысы бүгінгі күні өлдеқашан дайын болған. Оның құрамына үйеңкі, тал, шие ағашы мен қайыңдар бар. Ерекше «экологиялық белдеу» құру үшін, отыздан аса ағаштың түрі пайдаланылған. Сары даланы жасыл желекке көмкерудің өзіндік қындықтары да кездесуде.

Себебі, жасылдандыру мақсатында бе-лінген жердің тең жартысы сор топырақ болып тұр. Қазіргі таңда ғалымдар тәжірибе жұмыстарын жүргізіп, топырақ картасын дайындаған жатыр. Агротехники ескі заң-дарды қолданыстан шығып, жаңа әдістер белсенді түрде игеріліп жатыр.

Айталық, құнарсыз қайрандағы ылғалды сіңіретін, бірақ, оны буландырмайтын гидро-гелдермен өңделіп, топырақты құнарлын-

дырында. Шаруашылықтағы екі питомнике бүгінде конвейерлік «жасыл өндіріс» жолға қойылған. Мұнда елордалық бақтар мен саябақтар үшін отырғызылатын материалдарды өсіріп, құнарландырады.

Сәулеттік туындылармен қаланы көр-кейтіп келе жатқан құрылышылардан «жа-сыл» өлем орнатушылар да қалыспайды. Астананың қазіргі заманға сай өркендеуі үшін, қаланың саябақтары мен гулбақтарын ең озық үлгіде жасандырып, сөндеуге ланд-шафты сәулеткерлер кірісті. Сән өлемінің отаны саналатын ұлы Париж үлгісімен алда-ғы уақытта Ақбұлақ өзенінің жағасында «Арай» саябағы бой көтереді. Оның өзге-лерден ерекшелігі ағаштардың барлығы симметриялы орналасады. Ал, орталық ста-дион алдынан гул-кілемдер төсөлген алаң-қайда «Олимпиядалық шар» пайда болады.

Сол жағалаудагы «Гашықтар саябағының» жасыл өркендері бүгінде желек жая бастады. Таяу жылда кәдімгідей бой түзеп, махабbat пен сырлы сезім шертер гашық-тардың серуен құрып қыдыратын орнына айналмақ.

Ал «Жасыл аймақ» мемлекеттік меке-месі дайындаған «Жақұтты дөңгелек» жобасы тіпті таңқаларлық. Бұл 75 мың гектар ал-қапты алатын, Астана қаласын сыртқы қап-тальдан дөңгеленте орайтын жобаның жар-тысына жуығы дайын көрінеді. Шамамен 2-3 миллиард теңге жұмсалатын жасыл белдеу-дің пайдалануға берілетін уақыты 2015 жыл-дың аяғы деп белгіленіп отыр. Тенденсі жоқ жасыл белдеуге қазіргі күні 30-ға жуық ағаш түрлері отырғызылған.

Экологтар бұл жерге тек жергілікті жердің табиғатына бейім, бұрыннан өсіп келе жатқан ағаш сорттарын, әрі өскіндерді тамыр жүйесімен отырғызыуды ұсынады.

Сәулетшілер мен экологтардың ортақ ойы-елордамыз жасыл желекке орануы тиіс. Бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалды. Соңғы бес жылдың ішінде қалада алты бақ, жиырма шақты саябақ пен елорданың өкімшілік орталығында сулы жасыл буль-варлар пайда болды. Бүгінде Есілдің жағасында Президент бағының, сонымен қатар, Сарыарқа көшесінен демалыс аймағының құрылышы аяқталуда. Сәулет біртұмасын құруды қала тұрғызушылармен қатар, «жа-сыл» сәулеткерлері де қолға алды.

Астананы гүлдендеру жұмысына қазіргі заманың дизайннерлері де кірісіп, елорда бақтары мен саябақтарын барынша жай-қалтуға атсалысада. Ақбұлақ өзенінің бойынан француз стиліндегі «Арай» саябақ құрылышы жүргізілуде. Мұнда ағаштар сим-метриялы орналастырылмақ. «Северная ко-рона» тұрғын үй кешенінің жаңындағы баққа

әр беретін, көп жылдық шырмауық гүлінің езіндік ерекшелігі бар.

Жақында Астананың шағын жасыл аймақтарында елорда халқы үшін бейтаныс ағаштар пайда болады: емен жапырақ текстес магония, куриль шайы, мат-судан талы, маньчжур жаңғағы, сүйір жапырақты үйеңкі және басқалары. Әрине, елордалық өсімдіктегерге қарағанда, мұндай әкзотикалық түрлердің ерекше күтімді қажет ететіні анық. Бұдан кейін, қаланың кез-келген учаскесіне,

бақтар мен саябақтарына бақташы топтар бекітіледі.

Қала салушылар коммуналды шаруашылықтың алдына нақты жоспар қойды, яғни, жылына он дендро үлгісіндегі саябақ құрылышы бітуі керек. Мұндай дендросаябақтардың тұрғындар үшін пайдасы айтальытай. Ең бергісін айтқанда, адамдардың жайлы тыныстауларына, лайықты демалуларына жағдай жасаумен қатар қаланың көркін ашып, сөнін көлтіретіндігімен аса маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Barrai X., Taschen A. The early middle ages. From late Antiquity to ap. Köln-Lisboa . - London, New York, Tokyo: Printed in Germany, 1997.
2. Тулупов В.Н. Идеальная модель русской усадьбы последней трети XVIII века в трудах А.Т. Болотова: Автореф. дис. канд. архитектуры. -М., 2000.
3. Тұрарбеков А. //Экологиялық тазалық - тұрақты дамудың көлілі. – Алматы. Эколог. 2012. 18 қараша.